



БҰЙРЫҚ

05.06.2019г.

Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 229

город Актау

Банкроттықты басқарушыны тағайындау туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына сәйкес және 2019 жылғы 31 мамырдағы "Рауан-Маңғыстау Қазақстан" ЖШС-нің кредиторлар жиналысы шешімінің негізінде,

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Рауан-Маңғыстау Қазақстан" ЖШС-не Қойшығұл Қылышбек Жеделұлы банкроттықты басқарушы болып тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының талаптарына сәйкес банкроттықты басқарушының міндеттемесін орындау Қ.Ж. Қойшығұлға жүктелсін.
3. Банкроттықты басқарушы Қ.Ж. Қойшығұл Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 7 наурыздағы «Оңалту және банкроттық туралы» Заңының 19-бабы 4 тармағының талаптарын орындауды және банкроттық рәсімдерінің жүргізілу барысы туралы ақпаратты, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау Мемлекеттік кірістер департаментінің Борыштармен жұмыс басқармасының Оңалту және банкроттық бөлімі басшысы А.А. Акимбаевқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың бір данасы "Рауан-Маңғыстау Қазақстан" ЖШС-нің банкроттықты басқарушысы Қ.Ж. Қойшығұлға жолдансын.

Басшы



Жаналинов Д.Е.